

**Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы Каменевский ауылдық округі  
Рулиха ауылында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы**

*Күші жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданының Каменевский ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 10 наурыздағы № 2 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 30 наурызда № 27295 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданының Каменевский ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 8 шілдедегі № 4 шешімімен

**Сноска. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданының Каменевский ауылдық округі әкімінің 08.07.2022 № 4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Шемонаиха аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2022 жылғы 1 наурыздағы № 35 ұсынысының негізінде, ШЕШТІМ:

1. Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы Каменевский ауылдық округі Рулиха ауылында ірі қара малдың бруцеллез ауруы бойынша шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шемонаиха ауданы  
Каменевский ауылдық округінің әкімі*

*Б. Тайтөлеуов*